



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №28 (95133) 18 шілде 2025 ж.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық олимпиада жеңімпаздарын құттықтады

Мемлекет басшысы Барселона қаласында өткен халықаралық STEM олимпиадасында, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінде ұйымдастырылған химия пәнінен халықаралық олимпиадада жеңіске жеткен қазақстандық оқушыларға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұны еліміздің абырой-беделін арттыра түсетін тарихи жетістік ретінде бағалады.

— Бұл — Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Мемлекет жастардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына әрдайым баса мән береді. Еліміз сіздерді мақтан тұтады. Жарқын жеңістеріңіз көп болсын! — деп жазды Президент.

► Президенттің экономиканы дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау

ҮКІМЕТ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ЖІӨ-НІҢ 6,2%-ҒА ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин экономикадағы қазіргі ахуал туралы баяндама жасады. Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов фискалдық және ақша-несие саясатын іске асыру туралы, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы қаржы министрі Мәди Тәкиев баяндады. Сондай-ақ өнеркәсіп және құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда және интеграция, энергетика, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің және бірқатар өңір әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Премьер-министр Президенттің экономиканы әртараптандыру және оның ұзақмерзімді әрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне назар аударды. Осыған байланысты іскерлік белсенділікті ынталандыру, инфрақұрылымды дамыту және цифрлық технологияларды енгізу үшін қажетті Үкімет қабылдаған кешенді қадамдардың маңыздылығы атап өтілді.

Премьер-министр экономиканы әртараптандыру арқылы ұзақмерзімді әрі орнықты өсімді қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар мен тікелей шетелдік



инвестициялар бойынша нысаналы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету керектігі атап өтілді. Осыған байланысты өңірлік инвестициялық штабтарды неғұрлым белсенді пайдалану міндеті қойылды. Жоғары технологиялық өнім шығару саласында экспортқа бағдарланған жобаларға баса назар аудару қажет. Өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуі үшін ұзақмерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ете отырып, отандық кәсіпорындардың өндірістік жүктемесін арттыру тапсырылды.

Сонымен қатар арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда тиісті инженерлік, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын құру жұмыстарын жеделдету қажет. Олжас Бектенов халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын белсенді тартудың маңыздылығын атап өтті.

Еліміздің транзиттік әлеуетін одан әрі кеңейту үшін көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру шараларын жеделдету

міндеті қойылды.

Бұған қоса егін орағы мен жылыту маусымына дер кезінде дайындалу үшін ішкі тасымал көлемін ұлғайту тапсырылды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жеткілікті әрі сапалы қорын қалыптастыру үшін Премьер-министр тиімді логистиканы

қамтамасыз етіп, өнімді сақтау және сату тетіктерін әзірлеуді тапсырды.

Мүдделі мемлекеттік органдарға сауда саласының одан әрі дамуын және отандық өнімнің сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін арнайы аграрлық азық-түлік маркетингін құру бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырылды.

Мұнай-газ саласында «Теңіз» кен орнындағы «Болашақ» кеңейту жобасын және «Ұңғыма» өрнеуінің қысымын басқару» жобасын толық іске қосуды аяқтауды, сонымен қатар газ өңдеу зауыттарын салу жобаларын іске асыруды жеделдетуді тапсырды.

Премьер-министр орталық және жергілікті атқарушы органдарға Инфляцияны бақылау мен төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

► Исполнение поручений Президента

Продолжая рабочие поездки в регионы с целью оценки состояния приоритетных туристических направлений, заместитель Премьер-министра РК Ермек Кошербаев ознакомился с текущим состоянием инфраструктуры на побережье озера Алаколь области Жетысу — одного из пяти ключевых туристических направлений региона.

С момента создания области Алакольский район посетило свыше 4,8 млн туристов, из них 1,8 млн — только за прошлый год.

В ходе поездки вице-премьер посетил коммунальный пляж, где были зафиксированы типичные и характерные для многих регионов системные вопросы, требующие комплексного решения. Несмотря на наличие базовых условий в большинстве зон отдыха, в открытых и общедоступных пространствах сохраняются вызовы, связанные с санитарной, инженерной и сервисной инфраструктурой.

«Люди, выбирающие отдых на коммунальных пляжах, должны получать такой же базовый комфорт и безопасность, как и гости частных зон. Это принцип справедливости. Независимо от того, где человек отдыхает — он должен видеть порядок, чистоту и организованную среду», — подчеркнул Ермек

Вице-премьер Ермек Кошербаев проверил зоны отдыха на побережье озера Алаколь



Кошербаев.

Заместитель Премьер-министра дал поручения акиму района и профильным службам: усилить санитарное оснащение пляжа, закупить дополнительные контейнеры для сбора мусора, продлить линию буйков и определить зоны безопасного захода для маломерных судов. Также поручено проработать возможность установки раздевалок, душевых и элементов благоустройства, в том числе зон активного отдыха.

Для обеспечения общественной безопасности в районе будет рассмотрен вопрос увеличения численности сотруд-

ников ЧС, задействованных в дежурстве на побережье.

Отдельное внимание было уделено вопросам стихийной торговли. Вице-премьер отметил необходимость установки стационарных торговых киосков с подключением к воде и электроснабжению, а также обязательным соблюдением санитарно-эпидемиологических требований.

«Все эти вопросы актуальны не только для Алаколя. Это вызовы характерные для всех регионов, с которыми сталкиваются курортные зоны по всей стране. Мы соберем предложения, проанализируем лучшие практики и уже в Министерстве туризма и спорта проведем отдельное совещание с участием всех ответственных госорганов. Туризм — это не только бизнес, но и качество жизни самих граждан», — отметил Ермек Кошербаев.

В рамках поездки вице-премьер также посетил железнодорожный вокзал в селе Акши и пообщался с туристами. Отзывы показывают: положительные изменения

есть, но проблемы на отдельных участках пляжей все еще мешают качественному отдыху.

В текущем году здесь был решен вопрос с электроснабжением: построена высоковольтная линия от Бесколя до Акши протяженностью 56,7 км и новая подстанция. С июня подача электроэнергии осуществляется бесперебойно. Побережье покрыто интернетом, работает 16 базовых станций, проложена оптоволоконная линия связи.

Работа велась в координации с профильными министерствами. Все вице-министры, входившие в состав рабочей группы, разделились по направлениям ответственности и провели осмотр зон отдыха, по результатам которого доложили вице-премьеру о текущей ситуации и необходимых мерах.

«Мы не создаем временные решения — мы выстраиваем долгосрочную, устойчивую систему. Туристические зоны Казахстана должны соответствовать ожиданиям людей и задавать стандарты. Не только для туристов, но и для самих казахстанцев. По итогам всех региональных поездок будут приняты системные решения на уровне Правительства», — резюмировал Ермек Кошербаев.

Официальный интернет-ресурс
Премьера-Министра РК

ЖЕТІСУДЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Облыс әкімдігінде «Славян базарының» жеңімпазы Алмагүл Батталиеваға құрмет көрсетті. Беларусияның Витебск қаласында өткен эстрадалық әндердің «Славян базары» XXXIV халықаралық фестивалінің гран-при иегері атанған Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармонияның жеке дауыстағы әншісі Алмагүл Батталиеваны бүгін облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов құттықтап, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың атынан Құрмет грамотасын және ақшалай сертификат табыс етті, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



сене алмай тұрмын. Маған қолдау білдірген облыс әкімдігіне, мәдениет басқармасының басшылығына, Дәнеш Рақышев атындағы өзімнің сүйікті филармониямның ұжымына алғысымды білдіремін. Әсіресе, ұстазым Меруерт Мүсірәліге көп рахмет. Ол мені ұзақ жылдар бойы осындай музыкалық сайыстарға дайындап, баптады.

Жетісу облысының делегациясы «Славян базары» фестивалінің бас жүлдегерін Алматыдағы әуежайдан қарсы алған болатын. Сол сияқты Талдықорғанның кіреберісінде де жетісулық әріптестері А. Батталиеваға құрмет көрсетіп, күтіп алды.

Облыс әкімдігінде жас әншіні қабылдаған Диас Есдәулетов қазақ өнерін насихаттауға қосқан үлесі үшін оған алғысын білдіріп, «Славян базары» фестивалі өткен жылдар ішінде қазақстандықтар бірнеше мәрте гран-при иеленіп, жүлдегерлер қатарынан көрінгенін атап өтті. Әншінің еңбегіне табыс тілеп, жеңісімен құттықтады.

Туған еліне қуанышпен оралған «Славян базарының» жеңімпазы А. Батталиева:

— Осы арманыма қол жеткізу үшін сегіз жыл еңбектендім. Менің бойымда жақсы қасиет көп, соның ішінде мақсатқа жетудегі табандылығым мені осындай биікке жеткізді. Өліге дейін жеңімпаз болғаным

ындап, баптады. Теледидар арқылы қолдау көрсеткен туған-туыстарыма, жақындарыма, әсіресе «Бозторғай» қоғамдық қорының басшылығына айтар алғысым зор, — деді. Сондай-ақ ол алдағы күндерде магистратураға грантқа түсуге талаптанып көретінін айтты.

Облыс әкімдігінде өткен салтанатты шарадан кейін «Славян базары – 2025» байқауының жеңімпазы мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменовтің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Жалпы Алмагүл Батталиеваның Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясында жеке дауыстағы әнші болып жұмыс істеп жүргеніне үш жыл болды. Ол бұған дейін де бірнеше республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты атанған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Бейбіт Исабаев Италияның Қазақстандағы Елшісімен кездесті

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыс әкімдігінде Италия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Антонелло Де Риу мырзамен кездесті, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев италиялық меймандарды жылы шыраймен қарсы алып, Антонелло Де Риу мырзаны Қазақстандағы елшілік қызметінің басталуымен құттықтады. Сол сияқты шетелдік делегацияға Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары жайлы қысқаша айтып берді.

— Жалпы, өңірде бес стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік және логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласын дамыту. «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы табысты жұмыс істеп тұр. Бізде баламалы энергетиканы дамытуға қажетті табиғи алғышарттар - күн, жел және тау өзендерінің су ресурстары жеткілікті. Осыған байланысты жаңартылатын энергия көздері секторы біздің стратегиямыздың маңызды бөлігі саналады, — деген облыс әкімі италиялық серіктестермен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін білдірді. Сөзінің соңында өңірде инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасалғанын, соның ішінде оларға заң аясында қолдау мен сүйемелдеу жасалатынын айтты.

Өз кезегінде Антонелло Де Риу екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестікті нығайтуға мүмкіндік беретін әлеуетті деген негізгі бағыттарды атап өтті.

— Біз Талдықорған қаласындағы индустриялық аймаққа қызығушылық танытып отырмыз. Алдағы уақытта әрбір италиялық кәсіпкер Қазақстаннан өзіне іскер серіктес таба алатындай арнайы платформа құрғымыз келеді. Сонымен қатар Италияның туризм саласында сапалы қызмет көрсететін мамандар даярлауда мол тәжірибесі бар, — деді Елші.

Іскерлік кездесуді қорытындылай келе, тараптар бұл кездесу түрлі салаларда екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңызды қадамы болатынына сенім білдірісті.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

В области создали мурал, посвященный 30-летию Ассамблеи народа Казахстана

Объект монументальной живописи, символизирующий роль Ассамблеи в сохранении мира, единства и согласия, размещен на фасаде одного из многоквартирных жилых домов в городе Талдықорған, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Уникальный арт-объект создан в честь 30-летия Ассамблеи народа Казахстана. Мурал включает изображения представителей различных этносов, населяющих страну, а также символы дружбы, национальные орнаменты и элементы, посвященные юбилейной дате. Проект, реализованный группой молодых казахстанских художников при поддержке областного филиала АНК и творческих сообществ региона, олицетворяет межэтническое согласие и культурное многообразие нашей страны.

— В области Жетісу в рамках юбилейной даты под эгидой «30 лет единства и согласия» был проведен целый ряд различных мероприятий. Идея создания мурала принадлежит членам региональной Ассамблеи. В изображении нашли отражение общие ценности и образы, объединяющие культуру, историю и будущее многонационального Казахстана. Каждый штрих несет в себе уважение к богатому наследию народа нашей страны, - отметил руководитель КГУ «Қоғамдық келісім» Еркебулан Акболатов.

Своим мнением поделился и житель дома №18/2 микрорайона «Каратал», на котором изображен мурал,

— Считаю, что такие арт-объекты, которые не только украшают наш город, но и несут глубокий смысл и значение, очень важны. Они не только радуют глаз, но и являются наглядно говорят о том, как богат наш народ своей многообразной культурой, как высока ценность мира, дружбы, единства и согласия, - сказала Олеся Алахвердиева.

Пресс-служба акима области Жетісу.



В области Жетісу школам в отдаленных селах выдали 8 новых автобусов. Новый автотранспорт обеспечит удобство и безопасность перевозки школьников, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Школы отдаленных сел получили новые автобусы

Ключи от новеньких автобусов для школ сел Бактыбай и Алдабергенов Ескельдинского, Кокпекти Каратальского, Шанханай, Сарыбулак, Сарыозек Кербулакского, Балпык би Коксуского и Черкасск Сарканского районов торжественно вручил руководитель управления образования Даурен Жунусов. В своем выступлении, отметив, что главной задачей является повышение доступности образования для детей, он подчеркнул, что обеспечение новыми автобусами является важным шагом к обеспечению безопасной и удобной перевозки детей.



— В нашей школе всего учится 122 детей. Из них 15 приезжают из села Аккайын. У нас имелся старый автобус для их перевозки, а теперь на его место выдали новый, современный, со всеми удобствами. Это не только комфорт, но и безопасность, - отметила директор Черкасской средней школы Бауржан Ибраимова.

Выданные автобусы были произведены отечественным производителем на заводе ТОО «Daewoo Bus Kazakhstan». Автобусы оснащены кондиционерами, громкоговорителями, сигнальными кнопками, огнетушителями, ремнями безопасности, аптечками, аварийными знаками и всем необходимым.

В целом в школах области Жетісу 94 автобуса осуществляют перевозку школьников. На этих автобусах ездят 2513 учащихся из 87 населенных пунктов региона.

Пресс-служба акима области Жетісу.

Елімізде жыл сайын 13 шілде күні – Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн – еліміздің тыныштығы мен тұтастығы жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген азаматтарға көрсетілетін ерекше құрмет күні. Бұл күн - ҰҚК ардагерлері мен қазіргі қызметкерлердің еңбегін бағалап, шынайы алғыс айту күні. Отанға адал қызмет ету – үлкен ерлік пен табандылықты қажет етеді. "Ел тыныштығы – ең үлкен байлық" десек, сол байлықты қорғап жүрген азаматтардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Бұл қызмет саласы сырт көзге көрінбегенімен, ел болашағы үшін маңызы зор. Олардың кәсіби шеберлігі, темірдей тәртібі мен жанкештілігі – мемлекет тұрақтылығының берік тірегі. Ұлттық қауіпсіздік органдарының жұмысы – аса құпия, жауапты әрі қауіпті. Қауіпсіздік қызметкерлері терроризм мен экстремизмге қарсы күреседі, шетелдік барлау құрылымдарының әрекеттерін анықтап, дер кезінде тойтарыс береді, мемлекеттік құпияларды сақтауға атсалысады, киберқауіпсіздік, шекаралық қауіпсіздік және ақпараттық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Тарихқа шолу жасасақ Қазақстан Республикасы егемендік алып, аяғына тұра бастаған алғашқы жылдарда экономикалық, саяси тұрғыдан біршама қиыншылықтарға кездескені белгілі. Бір тудың астында 70 жылдан астам уақыт отырған бауырлас 15 республиканың барлығы да осындай ауыр кезеңді бастан өткерді. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін дербес мемлекеттік басқару жүйесіне көшкен тәуелсіз Қазақстан үшін жас мемлекетімізге тез арада алыс-жақын шет елдермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнату, саяси диалогтарды жоғарғы деңгейде жүргізу, саяси, экономикалық ынтымақтастықты



Құрмет пен

алғысқа лайық

жолға қою сияқты кезек құттірмейтін жұмыстарды жүзеге асыру қажет болды. Мұндай жағдайда біздің елімізде өзіндік барлау құрылымын жасау тиімді еді. Сол тұста, 1992 жылдың дәл осы күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) құрылған болатын. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудағы маңызды тарихи қадам еді. Содан бері бұл құрылым еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты органдардың біріне айналды.

Жуырда осы мерекеге орай Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде шекара қызметі мен аудандық әкімдіктің бірлесіп ұйымдастыруымен салтанатты шара болып өтті. Іс-шараны ашқан аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов қазіргі жаһандық геосаяси сын-қатерлер жағдайында ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің мінсіз жұмысы, жоғары жауапкершілігі мен кез келген жағдайға жедел әрекет етуге дайын болуы – азаматтардың ертеңгі күнге деген сенімінің кепілі екендігін айта келіп, ел игілігі жолындағы қызметтеріне

толағай табыс тілеп, мерекеге орай бірқатар қызметкерлерге Алғыс хаттар табыстады. Келесі кезекте сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбеков қызмет бабында жүрген әрбір маманға зор денсаулық, мызғымас ерік-жігер және жаңа кәсіби жетістіктер, отбасыларына амандық тіледі. Келесі сөз кезегін алған ҚР ҰҚК Жетісу облысы бойынша департаментінің Сарқан аудандық бөлімінің басшысы, подполковник Ринат Рамазанов ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір азаматтың борышы екендігін айтып, әріптестерінің отбасыларына амандық тіледі. Сарқан шекара бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы Жандос Тикенбаев өз сөзінде «Арнайы орган қызметкерлерінің жұмысы оңай емес. Еліміздің тыныштығын қамтамасыз етіп жүрген қызметкерлердің жұмыстарына табыс, отбасыларына амандық тілеймін», - деп егемендігімізді, тұрақтылықты және ұлттық мүддені қорғап жүрген жандарды кәсіби мерекесімен құттықтап, ел тыныштығы жолында уақытпен санаспай қызмет атқарып жүрген әріптестеріне бағалы сыйлық табыстады.

- Бұл салада қызмет атқарғаныман он жылдай уақыт болды, үш баланың әкесімін. Әкем ішкі істер органдарының зейнеткері, бала кезден погон тағуды армандадым. Әкем салған даңғыл жолмен жүріп, мемлекетіміздің тыныштығын қорғау мақсатында өзіміздің кішкентай болса да үлес қосып қызмет атқарып жүрміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – дейді ҰҚК қызметінің капитаны Тілек Берікболұлы.

Салтанатты шара мерекеге орай аудандық мәдениет қызметкерлерінің арнайы дайындаған концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Құтырма ауруы - аса қауіпті дерт

Құтырма - вирус арқылы таралатын, тез өрбитін қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру, адам баласына өте ерте заманнан таныс болғанымен, әлі күнге дейін ауруды тудыратын қоздырғышқа тікелей әсер ететін емі жоқ.

Айта кетерлік жайт, үй және жабайы жануарлардан жарақат алғаннан кейін адамдар дәрігерлік көмекке жүгінбеген, тістелгені жайлы ешкімге айтпаған. Құтырма ауруы әдетте үй жануарларынан (ит, мысық) жұғады және соңғы 3 жылда жануарлардың бұл категориясы барлық жұқтыру көзінің 80,0% құрады. Бұл, белгілі бір деңгейде үй жануарларына құтырмаға қарсы екпенің жеткіліксіз жүргізілуімен, оларды ұстау ережесінің сақталмауымен және қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын азайту мақсатында жұмыстардың төменгі деңгейде жүргізілуімен байланысты болып отыр.

Жабайы жануарлар арасында құтырма ауруын адамдарға жұқтырудың негізгі көзі түлкі мен қасқыр болады, олардың үлес салмағы 20,0% құрайды.

Ауру белгісі үй немесе жабайы жануарлардан жарақат алғаннан соң 10 күн мен 1 жыл аралығында, кейде 1 жылдан аса мезгілде байқалады, көбіне 20- 60 күннің ішінде адамда құтыру белгілері анықталады.

Аурудың қоздырғышы адамдарға ауырған жануарлардың сілекейі арқылы жұғады. Ауруды таратушылар жабайы аңдар: қасқыр, түлкі, қарсақ. Олар ірі қара, жылқы, қой, ешкілерге, ит пен мысықтарға ауру жұқтырады. Соңғы 3 жылда қайғылы жағдайлардың негізгі себептері құтырған үй және жабайы жануарларының тістеуінен орын алған. Сондықтан ит, мысық тістеген жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну қажет.

Неғұрлым ерте жасалған ем соғұрлым нәтижелі болмақ.

Құтырма ауруы белгілі бір мерзімді талғамайды, жылдың кез келген уақытында кездеседі.

Құтырмамен ауырған адамдар суды көрсе, судың сылдырын, тіпті су деген сөзді естісе, оларда қорқыныш пайда болып, артынан жұтыну қабілетінен айырылып, өте қиналып өледі. Сондықтан да бұл ауруды «гидрофобия», немесе «судан қорқу» деп те атайды.

Адамдар құтырмамен, осы аурумен ауырған аңның (қасқыр, түлкі, ит, қарсақ, мысық т.б.) тістеуінің салдарынан, немесе ондай жануарлардың сілекейі адамның жарақаттанған терісімен жанасып, оның жарасына кірген жағдайда ғана ауырады. Жоғарыда көрсетілген аңдардың ішінде бұл аурудың вирусын сақтайтын негізгі аңдар – қасқыр мен ит болып саналады.

Құтырмамен ауырған аңдар мен жануарлардың мінез – құлқы, жүріс - тұрысы әдеттегіден өзгеріп, оларда оғаш қылықтар пайда болады: мысалы, ит себепсіз үріп, немесе еңсесі түсіп, үретін жерде үрмей, адамдарға, малдарға, заттарға себепсіз тап беріп, өзін - өзі тістеп, тамақ ішпей, көзіне көрінген заттарды: ағашты, тасты, сабынды тістеп шайнайды. Үрген дауысы қырылдап, аузынан сілекей мол бөлінеді. Егер ауырған ит босанып кететін болса, ол бұрылмай, тікелей жүріп, жолдағы кездескен аңдар мен адамдарды алдын ала ырылдамай – ақ, бірден тістейді. Бұл аурумен ауырған ит ауру басталғаннан кейінгі 5 – ші немесе, 6 - шы күні өледі.

Құтырма ауруымен ауырмас үшін адам не істеу керек?

Егер, әрбір аң немесе ауырған

жабайы аңдар қапқан адам немесе жануарлардың сілекейі денесіне тиген адам уақытында медициналық көмек алатын болса, онда біздің арамызда құтырмамен ауыратындар кездеспеген болар еді. Ауруды болдырмауға бағытталған шараларды, егу жұмыстарын өз бетімен тоқтатуға, немесе медицина қызметкерлері белгілеген тәртіпті (арақ ішіп, ащы тағамдарды жеуге) бұзуға болмайды, мұндай жағдай орын алса, жүргізілген емдік шаралардың пайдасы шамалы болады.

Егер, түріне қарағанда сау сықылды аң адамды тістеп алса, одан пайда болған жараны сабынды жылы судың көп мөлшерімен мұқият жуып, артынан дәрігерге көріну керек. Егер, сілекей адамның көзіне түскендей болса, онда көзді жылы судың ағынымен мұқият жуу керек.

Құтырманы болдырмауға арналған егу жұмыстары неғұрлым ерте жүргізілсе, мұндай шаралардың нәтижесі соғұрлым жақсы болады.

Негізінен ауруды тарататындар иттер болғандықтан, иесіз иттерді ұстап алып, оларды жоюды қолға алу керек. Ал, үйде ұсталатын иттер мен мысықтар есепке алынып, олар жыл сайын құтырмаға қарсы егілуі керек. Үйде ұсталатын иттер мен басқа да жануарлар ауыра қалған жағдайда, оларды мал дәрігерлеріне көрсетіп, тексерту қажет.

Г.ОСПАНОВА,

Сарқан аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.



Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл түрлі салаларда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, халық пара алу сырқатымен жиі кездеседі. Сондықтан кез-келген ортада біз парақорлық пен пара берудің жолын кесуде әлеуметтік белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың дұрыс жұмыс істеуіне теріс әсер етеді, беделдің әдепсіздігін тудырады, заңды қағидаларды жоққа шығарады, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға итермелейді. Қазіргі уақытта біздің қоғамға қауіп төндіретін және үлкен зиян келтіретін осы теріс ықпал ететін әлеуметтік көрініске қарсы қатаң шаралар қабылдануда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арнайы әзірленген мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылады. Біздің еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекет ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парыз болып табылады.

Е.ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.



ШАҢЫРАҚТЫҢ ЖМЕСІ МЕН МЕН

Несібелі – қара шалдың қартайғанда көрген кенже ұлының келіншегі. Қалалық телестудияда істейді. Мінезі қызбалау болғанымен, аржағында зілі жоқ, жүрегі таза жан. Әсіресе, сонау бір жылғы сұмдық соғысқа тұңғыш ұлымен қатар аттанып, қан майданнан жалғыз оралған атасы дегенде шығарда жаны басқа. Қыздай қосылған кемпірі келместің кемесіне мініп кеткелі, жетім баладай жәутеңдеп, балашағаның қас-қабағына қарап қалған қария да келініне риза.

Риза болмағанда!..Атасының сақал-шашын мұнтаздай ғып бастырып, ақ шатырдай ғып жуындырып-киіндіріп қояды. Кенжеш – жұмысына, екі баласы сабағына кетіп, абыр-сабыр басылып, үйдің іші саябырлаған соң, атасы екеуі үлпілдеген ыстық бауырсақ жеп, сүт қатқан қою шайды сыздықтап отырып, өткен-кеткенді сөз қылатын.

Соңғы күндері, “Тентектен тез хабар” демекші, не ойласа да ішіне кек сақтамайтын, бала мінезді ақжарқын келіншектің қабағы келіспей жүр. Қанша сездіргісі келмесе де, сезімтал қария бала мен келін арасынан бір қара мысықтың жүгіріп өткенін аңғарады. Өздері тіс жарып, ештеңе демегесін, сақалды басымен араларына кіріскендей болармын, “Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі” деп, бұл да үнсіз.

Баласы мен келіні қызметте жүрген кезде үйге телефон шалып, “Пәтерлеріңіз нешінші қабатта?” “Үйлеріңіздің маңайында мектеп бар ма? “Екі бөлмелі бір пәтер, оның үстіне пәлен теңге ақша

берсек, айырбастайсыздар ма? Әлде міндетті түрде, бір бөлмелі және екі бөлмелі екі пәтер керек пе сіздерге? ” деп сұраушылар жиі кетті. Бұл түкке түсінсе бұйырмасын. Адасып түскен қоңырау шығар деп алғашқыда өзін жұбауратқанымен, Алладан үрім-бұтағының амандығын ғана тілеп, осы күніне мың шүкіршілік қылып отырған тілеуқор қарттың көңілін күдік құрты күн сайын кеміре бастады.

Құдай-ау, бұларға не жетпейді!?. Екеуі де елдің алдына шығып кетпегенімен, жуан ортада, халық қатарлы қызмет істеп жүр...Қаланың қақ ортасындағы үш бөлмелі кең пәтерден адам жанына керектің бәрі табылады. Дүние-мүлікке де, жеңіл көлікке де мұқтаж емес. Жоқ жерден үйді бөлетіндей не бастарына күн туды? Салмағы зіл батпан жауабы жоқ мың сан ой құмырысқадай өріп, өрмекші торындай шырмап, уайым деп аталатын түпсіз тұңғықтың иіріміне қалай тартып бара жатқанын өзі де сезбей қалды. Осындайда кемпірі марқұм болса, қанша дегенмен, әйелмен әйелше сырласар еді ғой. Беу, дүние-ай!..

Түн ортасында ұйқысы шайдай ашылып, төңбекшіп жата алмаған ақсақал қарсы керуеттегі шашы кірпінің түгіндей қапқатты, өзі тыртыған арық, қара сирақ немересінің қасына барып, төбесінен иіскеді. Еті қашқан қу сүйек алақанымен арқасынан сипады. Беймезгіл уақыт болса да сіріңке қарасы ояу екен. Ойын

баласының да жанын мүжіген сарыуайым ұйқысын ұрлаған секілді.

– Ата, сіз кіммен кетесіз? Папаммен бе, бізбен бе?-демесі бар ма... Жаны ышқынып, жүрегі тітіркеніп кетті. Керең болғыр құлағы не естіп тұр?

– Әй, балам, не деп ұйқысырап жатсың?– деуге ғана тілі келді.

– Жоқ, ата, рас айтамын. Папам мен мамам ажырасқалы жатыр ғой. Сізді уайымдап мамамның басы қатып жүр...”Қартайғанда көрген жалғыз ұлынан айырылмайды ғой” деп... Шал шошып кетті:

– Қой, жаным, қайдағы жоқты айтпа!

– Папам өткенде Астанаға барғанда, мүгедек баласы бар, күйеуі жоқ бір әйелмен танысыпты. Біреудің жаман үйін жалдап тұрады екен. Ауру баланы бағу, әрі қызмет істеу оның жалғыз өзіне сондай қиын көрінеді.

– Оны сен қайдан білесің?

– Өткенде папам аздап сыра ішіп келіп: “Сен түсіңігі бар баласың ғой, мен сенің маманды сүйемін, бірақ, одан гөрі, ана жақтағы әйелге сондай керекпін. Ол байғұс маған өлердей ғашық,”-деп, маған бар сырын да, шынын да айтқан, – деді көкірек жара күрсінген қара бала.

Аңтарылып отырып қалған қария үш ұмтылып барып, орнынан тұрды да, сүйретіле орнына кеп жатты. Күндегідей таңғы шайына тұра алмады. Бәйек боп, қасына таянған келінінің жүдеу өңіне, мұң ұялаған жанарына байыптай қараған ол қанша уақыттан

бері іште тұншыққан сөздерін енді ірке алмасын сезді.

– Шақыр, ана Мырқымбайынды. “Әкең өлгелі жатыр!” деп айт. Жұмысына телефон соқ!-деді қатқыл да бұйрықты үнмен. Келін боп түскелі атасының зілдене сөйлегенін тұңғыш рет көруі. Несібелі қобалжып, асып-сасып, абдырап кетті: “Ата, дәрігер шақыртайын қазір!”-деп, ол кісі тап қазір өліп бара жатқандай, “03”-ті тере бастағанда, Кенжештің өзі үйге келе қалмасы бар ма?!

– О! Біздің бұл үйлер кезінде капитальный салынған мықты үйлер ғой! Мызғымай әлі жүз жыл тұрады, – деген дауысын естіп, қуанып кетті. Кіре берісте үй көре келген біреуге сөйлеп жатыр екен. – Ойпырмай, дәл келдің-ау! Атам ауырып қап, сені шақырт деп жатыр еді!... Сап-сау еді ғой. Та-

бан астында оған не боп қалды? “Жау жағадан алғанда, бөрі етек-тен алады” деген осы болды-ау! Қашан көшіріп әкетесің деп, анау да ана жақтан күнде звандап жатыр!-деп күйіне сөйлеп, түпкі бөлмеге ене берген Кенжештің көзінің оты жарқ ете қалды.

Қара шалдың қанша жыл серік еткен қара таяғы қабырғаға сарт етті: “Айдың-күннің аманында қасиетті қара шаңырағым қақ бөлінгенше, сенің ақымақ басың қақ жарылсын!” -деді қаһарлы үнмен. Шекесінен саулаған алқызыл қан Кенжештің бетін жуып кетті. Күйеуін аяп, жүрегі нәзік Несібелі жылап жіберді...

Нәр сызбастан, теріс қарап жатқан қырсық шал таңға жуық орынан тұрды. Қанша дегенмен, оқ пен оттың ортасынан оралған соң өмірге келген ұлы еді ғой. Өртеңге шыққан көктей көріп, жел-күнге тигізбей еркін өсірген өзі. Жалғыз ұлының тұщы етіне тұңғыш рет тиген ащы таяқ, ашу үстінде, қате тиіп, көзін шығарып жіберген жоқ па деген қаупі зор.

Ақыры қария, ұятты былай қойып, баласы мен келінінің бөлмесіне басын сұққан. Шекесін ақ дәкемен байлаған Кенжеш келіншегінің білегіне басын қойып, қаннен-қаперсіз, бейғам ұйықтап жатыр екен.

Заря ЖҰМАНОВА,
жазушы.



► Шоқан Уәлиханов -190

Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ,
журналист-публицист.

Ұлы ғалым Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Уәлихановты ағартушы, тарихшы, саяхатшы ретінде халқымыз жақсы біледі. Бірақ оның кәсіби барлаушы болғанын көп ешкім біле бермейді. Оны Ресей армиясының Бас штабы Шығыс Түркістан, Қашқарияға құпия барлау тапсырмаларын орындау үшін арнайы дайындаған. Ресей географиялық қоғамының мүшесі, этнограф-ғалым Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға барған сапары ең алдымен мәліметтер жинау үшін астыртын барлау жұмысына негізделген. Оған сол кезде Қашқария немесе Шығыс Түркістан деп аталған Алтышар елінің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайын, сауда жолдарының сапасын білу тапсырылды. Қашқария сапарына жас ғалым 1856 жылы шықты. Қайтып келгеннен кейін «Қытай империясының батыс аймағы туралы», «Құлжаға сапар күнделігі», «Құлжа және Шәуешектегі сауда туралы» атты мақалаларын жазды. Мұнда ол батыс Қытайдағы ұйғыр, сибо, солон, қалмақтардың салт-дәстүрлері, тұрмыстары, өмір сүру жағдайы туралы, XIX ғасырдың басындағы Ресей-Қытай сауда-саттығы жөнінде, жергілікті қазақтардың тұрмысымен таныстырады. Бұл саяхат ғылым әлемінде «Шоқан Уәлихановтың Қашқар экспедициясы» деген атпен көңінен танымал болды.

Қазіргі Қытай Халық Республикасының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Ежелгі Қашқария бір кездерде Шыңғысханның ұрпағы Бабыр құрған Үндістанның солтүстігіндегі Моғолстанның құрамына кірді. Бұл жерге Қытай, Ресей және Ұлыбритания мемлекеттері қатты қызығушылық танытты. XIX ғасырдың ортасында Қашқар жеріне қатысты Ресей мен Ұлыбританияның арасында қарама-қайшы пікірлер пайда болды. Үндістанға орныққан ағылшындар енді Орта Азия мен Оралға қарай Ауғанстан, Қашқария және Тибет арқылы шығыстан кірмек болды.

Шығыс Түркістан XVIII ғасырдың 60-шы жылдарында Цин империясы басып алды, сөйтіп қытай үкіметі оны ешкіммен араластырмай, сыртқы әлемнен бөліп тастады. Алайда, Қытайдың батысында жаңадан құрылған Шыңжаңның халқы құлдыққа мойын ұсынбады. Сондықтан бұдан кейінгі жылдарда Шығыс Түркістанда ұлт-азаттық көтерілістері жиіледі. Нәтижесінде бұл аймақта бірде кішігірім мемлекеттер пайда болды, бірде қайта Цин империясының құрамына кіріп, елден тыныштық кетті. Осындай тұрақсыздық, саяси статусының анықталмауы үш ірі мемлекет - патшалық Ресей, Ұлыбритания және Цин империясының өзіндік мүдделерін түйістірді.

Шығыс Түркістан билеушілерінің Орта Азияға қашқан соңғы ұрпақтарын қытайлық Цинмен келісім бойынша Қоқан хандығында тұтқын ретінде ұстады. Солардың бірі Уәлихан төре 1857 жылы Қоқанд хандығындағы бүлікті пайдаланып тұтқыннан қашып шығады да, некерлерімен Шығыс Түркістанға барып, Қытайдың шекара бекетін талқандайды. Жергілікті халықты қытайларға қарсы көтеріп, қарамағына жиналған қарулы қолмен Қашқарға кіреді. Уәлихан төре басқарған қысқа кезеңде бұл өңірде трагедиялық оқиғалар көп болғандықтан ол өте қатал басшы ретінде халықтың есінде қалды. Уәлихан төренің бұйрығымен ағылшын-үнді саяхатшысы Адольф Шлагинтвейттің басы шабылды. Осы фактінің өзі оның аса қатыгез болғандығын көрсетеді.

Ағайынды Роберт және Герман Шлагинтвейттер 1856 жылы Үндістаннан шығып, оңтүстіктен солтүстікке қарай Қарақорым, Кунь-луньнан өтіп зерттеу жұмыстарын жүргізген алғашқы еуропалық саяхатшылар болған. Бұлар бірақ Шығыс Түркістан жеріне жете алған жоқ. Ағаларының бітіре алмаған ісін аяқтау үшін үшінші Шлагинтвейт - Адольф 1857 жылы Үндістаннан Жаркентке жетіп, одан Қашқарға келеді. Адольф Шлагинтвейттің сапары Қашқардағы сая-

си жағдайларға қатысты болуы да мүмкін. Сонымен ол Қашқарияға саяхатшы ретінде барды, бірақ амалсыздан ондағы көтерілісшілерге қосылып Қарғалыққа дейін жетеді. Сөйтіп оның экспедициясы осы елде болып жатқан ішкі саяси жағдайларға қатысы бар болып шыға келді. Мәліметтерге қарағанда бұл экспедицияны Уәлихан төре ешқандай жауап алмастан жойып жіберуді бұйырған.

Қашқариядағы осындай жағдайлардан кейін бұл өңірге саяси ақпарат жинайтын адамды астыртын жіберу керек болды. Орталық Азияның ішкі жағдайын білуге еуропалықтар бұрыннан мүдделі еді. Англия мен Ресей ең алдымен Азия континентін колонияға айналдыруға қатты қызықты. XIX ғасырда еуропалықтардың Орталық Азиядағы тарихи-географиялық зерттеу экспедицияларын жарысып ұйымдастыруының себебі де сол еді. Саяси жағынан тұрақсыз, шатқаяқтап тұрған Шығыс Түркістаннан қажетті ақпараттар жеткізу жұмыстары саяхатшыларға жүктелді.

Осындай жағдайларға байланысты орыс патшасы Александр II-шінің бұйрығымен Ресей армиясының Бас штабының бас басқармасы Қашқариядағы жағдайды білу үшін 1858 жылы сауда экспедициясын дайындап, керуен жіберетін болды. Бұған дейін Қашқар жерінде әйгілі итальян саяхатшысы Марко Поло (1272 жыл) мен иезуит Гоестеннен (1603 жыл) басқа Еуропа елдерінен ешкім бас сұғып көрмеген. Сырттан барғандар ол жақтан қайтпайтын, сондықтан Қашқария өзгелер үшін жабық жатқан жұмбақ ел еді. Экспедицияға баратын кандидаттарды іріктегенде негізінен барлау жұмыстарын жүргізетін, ұлты еуропалық емес адамды жіберу керек болды. Қажетті адамды іздеп, іріктей келе патша армиясының поручигі Шоқан Уәлиханов экспедицияны басқарып баруға барлық жағынан лайықты деп танылды, ол барлаушыларға қойылатын барлық талаптарға сай болып шықты. Шоқан Уәлиханов бала кезінен жан-жақты, барлық жұмыстарға қабілетті болды. Кадет кезінен алыс сапарларға шығып, үлкен жаңалықтарды ашуды армандады. Онымен Омбы кадет корпусында бірге оқыған, кейіннен саяхатшы және Орталық Азияны зерттеген Григорий Николаевич Потанин «... кадет басшылығы сол кездің өзінде-ақ 14 жасар Шоқанға болашақ зерттеуші, тіпті ғалым ретінде қарады» деп есіне алады. Кадет корпусын бітіргеннен кейін, генерал-губернатордың адъютанты болып жүргенде де Шоқан Уәлиханов Шығыстың тарихын тереңдеп оқыды, Петербург университетінің шығыс факультетіне түсуді жоспарлады.

Сол кездегі әскери министр Сухозанетке Шоқан Уәлихановты Қашқарияға жіберу туралы ұсынысты Батыс Сібірдегі Ресей әкімшілігінің басшысы генерал Г.Х.Гасфорт жасайды. Арнайы дайындықтан өткеннен кейін, шашын тақырлап алған, үстіне ұлттық киім киген Шоқан нағыз кіре тартатын керуенші көпестің өзі болып шыға келді. Ең бастысы - ол этнография, география, топография, тарих ғылымдарымен қатар бірнеше шығыс, еуропалық тілдерді жақсы білді.

1858 жылдың көктемінде көтеріліс басылып, Уәлихан төре қашқаннан кейін Алтышарда Цин билігі қалпына келді. Бірақ аймақтағы жағдай әлі де ширығып тұрған.

Сондықтан мұнда тек жасырын бару керек болды. Шоқан бұл сапардың өте қауіпті екенін түсінді, экспедицияны дайындауға үлкен жауапкершілікпен кірісті. Шығыс Түркістанның тари-

хын зерделеді, аймақтың жағдайы, шектесетін елді мекендер, Уәлихан төренің жақтастары тұратын жерлер туралы қолжетімді ақпараттарды жинады. Экспедицияны дайындауға Қоқандан шыққан Жақып Жанқұлұлы деген кіреші көмектесті. Бұл өзі кезінде Қоқанд ханынан жәбір көріп Құлжаға қашқан екен, содан Ресеймен сауда жасап жүрген. Жақып Қашқарда бірнеше рет болған, ондағы көтеріліс жайлы жақсы біледі. Шоқан бұған қосымша өзінің танысы, Қоқандқа қарайтын Пішпек қамалының коменданты Өлішер датқаны да пайдаланады. Қашқар экспедициясына дайындық жөнінде Григорий Потанин өз естелігінде жақсы жазған.

Сөйтіп, Шоқан алдын ала дайындаған аңыз бойынша, керуен басшысы Мұсабай Тоқтабайұлының туысы, Семейлік көпес сарттың ұлы Өлімбай деген саудагер ретінде Семей өңіріндегі әйгілі саудагер Боқаш Қауіпбаевтың керуеніне ілесіп Қашқарияға шығатын болды. 43 адамнан құралған керуен 2 мың рубльдің қажетті тауарын түйеге, жылқыға артып, Семейден Қапалға қарай бет түзеді. Экспедиция ең қауіпсіз жол ретінде Ыстық көл арқылы Зәуке асуынан асып, қырғыздың бұғы руының жайлауымен, одан әрі Мұзарт арқылы Шығыс Түркістанның Ақсу, Үш Тұрпан және Қашқар қаласына бара-тын маршрутты таңдайды. Сақталған тізімге сәйкес, керуен үш көштен тұрған. Керуенде 100 түйе, 65 жылқы, 18 700 рубльдің тауары болған.

Өлімбайды (Шоқан Уәлиханов) ол жақтағы туыстары қуана қарсы алды. Әрбір шаңырақ оны арнайы қонаққа шақырып құрмет жасады. Тіпті, көп ұзамай «Өлімбайдың» Саратовқа кететінін бұлар біле тұра, оны жергілікті қыздардың біріне уақытша үйлендіреді. Туыстары оның келгені туралы таудың арғы бетіндегі Қоқанд хандығында тұратын әжесіне хат жазады, әжесі Өлімбайға сәлем-сауқат, алтынмен көмкерілген бөрік жібереді. Осындай жағдайда Шоқан Уәлиханов Қашқар жерінде қыстап шықты. Алайда ол өзінің мұнда келген негізгі жұмысын ұмытқан жоқ, қазан айында жанына бес адам алып Алтышардың сол кездегі орталығы болған Жаркентке бармақшы болды. Бірақ бұлар жолда келе жатқанда Уәлихан төренің қашып кеткені, Қоқанд Мәлібектің қолына өткені туралы суыт хабар жетеді.

Сөйтіп Шоқанға Жаркент сапарын тоқтата тұруға тура келді. Қашқарда қалу Шоқан үшін қауіпті болды, сондықтан поручик Уәлихановқа тезірек елге қайтуға нұсқау келді.

Шоқанның Қашқардан тезірек кетуіне басты себеп болған «керуенде орыс тыңшысы» бар деген әңгіменің шығуы еді. Бұл сыбысты таратқан Семейден Қашқарға келген Құлжа және Ташкент көпестері болды. Жергілікті халық оны жай өсек ретінде қабылдағанмен Қашқария Шоқан үшін тым қауіпті бола бастады. Сондықтан керуен 7 наурыз күні кері қайтатын болды. Қытай үкіметінен елден шығуға рұқсат алғанға дейін бірнеше адам Шоқанмен бірге 11 наурызға дейін Қашқарда қалды. Артынан олар керуенді қуып жетті. Бұлар дер кезінде кетіп үлгергенмен қашқарлық билік Өлімбайдың орыс офицері екендігін анықтап, артынан қуғыншыларын жіберді. Бірақ олар керуенді Қашқар аумағында қуып жете алмады.

Шоқан Уәлиханов 1859 жылдың 2 сәуірінде Верный бекінісіне (қазіргі Алматы) аман-есен жетті. Барлаушы



Қашқарияда 5 айдан астам уақыт болып, өте құнды, мазмұны бай ғылыми материалдар жинады. Шоқан Уәлихановтың жарияланған материалдары мен зерттеулерінің нәтижелері оның ержүрек саяхатшы ғана емес, дарынды ғалым ретінде тағы бір қырынан танытып, даңқын шығарды. «Қашқар күнделіктері» атты жазбаларында, «Қашқарға сапарды ұйымдастыру туралы күнделік», «Қашқар жолдарын сипаттау...» сияқты экспедиция барысында жазылған материалдарында Шығыс Түркістанның сол өңірдегі көптеген керуен жолдары мен әртүрлі бағыттар көрініс тапқан.

Қашқар экспедициясын 1860 жылы сәтті аяқтап келгенде Шоқан Уәлиханов генерал Гасфорттың ұсынысымен, Ресей патшасы Александр II 1860 жылғы 7 сәуірдегі жарлығымен IV-дәрежелі әулие Владимир орденімен наградталды және штабс-ротмистр әскери шенін алды, сондай-ақ 500 күміс рубль (оның бір жылдық табысы 312 рубль болған) сыйақы берілді.

Штаб-ротмистр Шоқан Уәлиханов Омскіге жолдаған «Восстание дунган в западном крае китайской империи» деген өзінің анықтамасында Қашқариядағы саяси жағдайларды баяндаумен ғана шектелсе, «Об устройстве фактории в Кашгаре и о дорогах в Кашгар» деген Бас штабқа жіберген жолжазбаларында әскери-тактикалық бағыттағы мағлұматтар беріледі. Мысалы, алдағы уақытта Қашқариямен сауда-саттық қатынасын жасайтындай мүмкіндік болғанда пайдаланылатын жол жағдайын былай деп келтіреді:

«Для постоянных сообщений с предполагаемой фактории в Кашгар представляются три пути:

1. Из Семипалатинска через Кульджу по большой караванной дороге через Музартский проход в Аксу.

2. Из укрепления Верного по восточной стороне озера Иссык-куля к истокам реки Нарын, в долину реки Аксай и далее в Кашгар.

3. Также из укрепления Верного по западной стороне Иссык-куля к верховьям реки Арча и далее по течению в долину реки Нарын, мимо нагорного озера Чатыр-куль в Кашгар.

Первая из этих дорог в торговом отношении представляет наибольшие выгоды. Составляя кратчайший путь из Семипалатинска в Кашгар (из Семипалатинска в Кульджу 740 верст, из Кульджи в Кашгар 750 верст), эта дорога для следования караванов наиболее удобно и постоянно поддерживается в исправном виде».

Қауіпсіздік қызметінің ардагері, отставкадағы полковник Болат Қыстаубаевтың «Тайна Чокана Валиханова» атты тарихи эссесінде Шоқанның Қашқар жорығы туралы, яғни «Черный дракон» шетелдік барлау операциясы маңызы ретінде жан-жақты зерттеліп, толық жазылған. Кейін бұл жолдармен керуенге ілесіп талай барлаушылар жүрді. Солар арқылы талай құнды мағлұматтар алынды. Бұрынғы барлаушылардың жұмыстары кейінгі барлаушылардың мәліметтерімен салыстырылып, толықтырылып отырды. Бұл - барлық елдердің барлау қызметіне тән нәрсе. Барлау қызметі тікелей мемлекеттік қауіпсіздікке бағытталған, сондықтан мемлекеттің ішкі саясаты, басқару жүйесі өзгергенмен сыртқы барлаудың атқаратын міндеттері өзгермейді. Кейінгі барлаушылар да патшалық Ресейден қалған «соқпақпен» жүрді.



Жуырда ауылдық кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған «Еңбек - ырыстың қазығы» атты сыр-сұхбат кәсібінен нәсіп тапқан Бақтыбала сынды еңбек адамына арналып, Амангелді ауылдық округінің мәдениет қызметкері Болат Бижақсинов әсем әнмен шашу шашты

Бақтыбала Уалиқызы Қарауылтөбе ауылының тумасы, мал дәрігерлік мамандығын алып сол бағытта еңбек жолын бастап мал шаруашылығымен айналысады. 1994-1995 жылдары колхоздар мен совхоздар таратылып, жеке шаруа қожалықтары құрылып жатты. 1997 жылы жолдасы қайтыс болды, артында қалған үш баласы жас болатын. Осы ауыртпашылық мойнына түсіп отбасылық жағдайына байланысты кәсіпкерлікке аяқ басты. «Сыбаға» бағдарламасымен ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан несие алып, ірі қара, жылқы малын сатып алып, мал шаруашылығымен айналысты. Сонымен қатар егін шаруашылығына да өзіндік үлесін қосты. 2009 жылы мал сою алаңын ашты. Бұл алаңның

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған болатын. Пограничник ауылында шаруаның көзін тауып, ауылдың дамуы жолында өлшеусіз еңбек сіңіріп жүрген кәсіпкерлердің қатарында Дюсембекова Бақтыбала Уалиқызының есімі аталады.



Еңбек - ырыстың қазығы

игілігін бүгінгі таңда үш ауыл көруде, мал біткен осы жерде сойылады. 2015 жылы «Атамекен» ҰКП құрамында іскер әйелдер қатарында Алматы облысы бойынша ауыл әйелдерінің алғашқы форумына қатысты. Ауылда тұрғаннан

кейін ауылдастарына жағдай жасауды басты назарда ұстап, жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету мақсатында 2018 жылы «Рахмет» қайырымдылық дүкенін ашты. Үш ауылда бірде-бір тойхана болмағандықтан 2019 жылы

«Рүстем» тойханасын Пограничник ауылынан ашты.

Ауыл тұрмысын ажарландыруға қосқан еңбегі ескеріліп, Сарқан ауданының «Құрметті азаматы» атағын алды. Сонымен қатар «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталып, 2024 жылы есімі «Қазақстанның алтын кітабына» енді.

Бүгінде Бақтыбала Уалиқызы 3 баланың анасы, 5 немеренің сүйікті әжесі. Осылайша жылдар жылжып зейнеткерлікке шықса да өз кәсібін дөңгелетіп, істеген игі істері еленіп, өз ісінің маманы атанған ол еңбектің құрметке жетелейтіндігін айналасына дәлелдеп келеді. Ауылдастарының қошеметіне, алғысына бөленіп жүрген мейірімді жанмен арада болған сұхбат көрермендердің көңілінен шықты. Маңдай тердің өтеуін көріп келе жатқан еңбек адамына жиналғандар тарапынан «Сіз жұмысқа деген шабытты қайдан аласыз?», «Өз мамандығыңызды дұрыс таңдадым деп ойлайсыз ба?», «Алдыңызға қойған тағы да қандай мақсаттарыңыз бар?» деген сауалдар қойылып, кездесу кейіпкері атынан нақты жауаптар алынды.

Ауылдың алтын діңгегіне, тірегіне айналған еңбек адамымен кездесу көпшілік көңілінен шықты.

**М.МЫРЗАХМЕТОВА,
Ж.РАЙМБЕКОВА,**

**Пограничник ауылдық
кітапханасының кітапханашылары.**

Заманауи ұстаз

Заманауи ұстаз - бір қарағанда қарапайым түсінік, яғни ақпараттық технологияларды білсе болды заманауи деп айтуға болады. Дегенмен де қазіргі ғылыми технологиялардың дамыған ғасырында ұстаз болу өте қиын дегім келеді. Мектептегі ұстаз дегенде адамзаттың ойына оқулықпен дәптерді ұстап жүрген ұстаздар елестейді.

Сыныптан тыс уақытында оқушылардан эссе алғанда Ұстаз деген кім? – деп қазіргі жастардың түсінігі мүлдем басқа екенін түсінесіз! Оқушылардың ойынша ұстаз деген заман ағымына сай, әр күнінің дәрісі ерекше болу керек екенін, оқушылардың жоғары талғамын орындай алатын тұлға болу керек. Заман ағымына сай ұстаздар ақпараттық технологияларды ғана емес түрлі әдіс-тәсілдерді және түрлі бағдарламаларды пайдалана алу керек. Бізде география сабағында зерттеу жұмыстарын үш кезеңге бөледі (алғашқы, орта ғасырлық, қазіргі) деп. Өзіміз он жеті жылдық тәжірибемді үш кезеңге бөлгім келіп тұр.

1 кезең - алғашқы жас маман болуым. Бұл кезде мені қатты ойландыратын дүние ол сабақты қалай түсіндіремін деген ой болатын, ол уақытта біз газет-журналдардан керек деген ақпараттар мен суреттерді қиып алып, дидактикалық материал ретінде пайдаланатынбыз. Оқушыларға көрсеткенде қызығып картамен жұмыстар жүргізетінбіз.

2 кезең - ол елімізде барлық ұстаздарды «Жаңартылған білім бағдарламасы» бойынша курстардан өткізіп, оқушы ойы құнды, оқушы өзі сөйлеп үйренуі керек деген заманға келдік. Оқушыларды топтастырып, жұптастырып, тиімді әдіс-тәсілдер мен дәрістерімізді өткізіп, іс-тәжірибе алмасып келдік.

3 кезең - қазіргі заманауи бағдарламалардың даму кезеңі. Қазіргі уақытта оқушыларға үлестірме тарату, топтастыру, жұптастыру аса қатты қызық деп айта алмаймын. Бүгінгі таңда білім алушылар 45 минутында дәріс тыңдап та, өз ойын тұжырымдап та, ойнап та алатындай етіп өткізетін болса, сол сабақты қызықты етіп өткізетін ұстаздарға жақын болады. Өзіміздің тәжірибемде мен <https://www.baambooze.com/>, <https://wordwall.net/ru-kz/com>, <https://amssoft.ru/amsblog/programmy-dlya-3d-modelirovaniya.php>, <https://topiq.kz/>, <https://www.classstime.com/ru> және де «Жасанды интеллект» тағы да басқа қызықты бағдарламаларды кіріктіріп сабақ өткізетін болсақ білім алушыларға өте қызықты дәрістердің бірі болады. Қазіргі уақытта әр оқушыда смартфондары бар, оны оқушылар тек байланыс не болмаса мессенджерлерге кіріп ойын ойнау үшін ғана арналмағанын түсінгендері дұрыс. Себебі қазір үй тапсырмасын да, сабақтан алған білімдерін де арнайы бағдарламалар арқылы тексеріп, әр оқушының алған формативтік бағалауларын өздері көре алатындай барлығы ашық жүзеге асырылатын кезеңдеміз. «Заманауи ұстаз» - кім? дегенде мен осылай өзіміздің ойымды жеткізгім келді.

А.БЕРЛИБЕКОВА,

Абай атындағы мектеп-гимназияның география пәнінің мұғалімі.



БЖЗҚ зейнетақы жүйесіне қатысты түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп келсе де, сауалдар азаяр емес. Жарналардың қандай түрлері бар? Жұмыс беруші оларды қалай, ең бастысы, қаншалықты аударып жатыр? Зейнетақы қалай тағайындалады? Тізе берсек шегі жоқ. Ірі қалалар мен облыс орталықтарының тұрғындары бұл сұрақтардың жауабын БЖЗҚ кеңсесіне барып, кәсіби мамандармен тікелей жүздесе отырып ала алады. Ал шалғай ауыл-аймақтардағы отандастырымыздың сұранысын қалай қанағаттандыруға болады? Олқылықтың орнын толтыру мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жылжымалы “Мобильді кеңсені” іске қосты.

БЖЗҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ: жеңіл және ұтқыр

“Мобильді кеңсе” деген не? Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры “Мобильді кеңсе” жобасын 2018 жылы қолға алды. Бұл – көлікке орналастырылған шағын кеңсе. БЖЗҚ мамандары ноутбук, жоғары жылдамдықты интернет, принтер, Қор базасы сияқты түрлі қажет құрылғымен жабдықталған шағын автобуспен елді мекендерді аралап, тұрғындарға арнайы қызмет көрсетеді.

Қандай қызметтер ұсынылады? “Мобильді кеңсенің” облыс, аудан орталықтарында орын тепкен БЖЗҚ-ның кәдімгі бөлімшелерінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Дәл сол кеңселерде көрсетілетін қызметтердің барлығын ұсынады: - Зейнетақы, инвестиция портфеліне қатысты кеңестер береді; - Жеке кабинет арқылы электрондық қызмет алуға көмектеседі; - Жеке деректерді өңдеп немесе өзгерту мүмкіндігі бар; - Қажет құжаттарды, анықтамаларды шығарып алу және басқа да қызмет түрлері көрсетіледі.

“Мобильді кеңсе” қызметі алыс аудандар мен Қор бөлімшесі жоқ аймақ тұрғындары, әсіресе, қалаға баруға уақыт таппай жүрген немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар, интернеті жоқ немесе оны қолдануда қиындық көретін адамдар үшін өте ыңғайлы.

Қай ауыл-аймаққа барады? “Мобильді кеңсенің” әр сапары алдын ала жоспарланады. Қай күні, қай ауылға баратыны жергілікті әкімдікпен келісіліп, тұрғындарға алдын ала хабарланады. Кеңсе таңғы 09.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Бұл ауыл тұрғындарына ыңғайлы болса, БЖЗҚ мамандары үшін әр адаммен тікелей байланыс орнатудың таптырмас жолы.

“Мобильді кеңсе” еліміздің 13 өңірінде жұмыс істейді: Ақмола, Ақтөбе, Жетісу, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстары.

“Мобильді кеңсе” жобасы қаншалық тиімді? “Мобильді кеңсе” жобасы іске қосылған 6 жылдан астам уақыт ішінде БЖЗҚ мамандары 5100 елді мекенге барып, 616 000 адамға қызмет көрсетіп үлгерді. Қор қызметіне, зейнетақы жүйесіне қатысты 213 000 ақпараттық таныстырылым өткізілді. Оған 5,3 миллион адам қатысты.

“Мобильді кеңсе” жобасы – жай ғана жүйе емес, “БЖЗҚ” АҚ миссиясының бір бөлігі. Осылайша Қазақстанның әрбір тұрғыны үшін ашық, сапалы әрі қолжетімді зейнетақы жүйесін қалыптастыруға тырысамыз. Қай жерде тұратыныңызға қарамастан, өзіңізге қажет қызметті кәсіби түрде алғаныңызды қалаймыз”, – дейді Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мамандары.

Айта кету керек, зейнетақыға қатысты кеңес, көкейіңізде жүрген сұраққа жауап алу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың немесе “Мобильді кеңсе” көлігін күтудің қажеті жоқ. Қор мамандарына қашықтан да хабарласуға мүмкіндік бар. Ол үшін мына әдістердің бірін қолдануға болады: - 1418 нөмірі — Қазақстан бойынша тегін байланыс желісі; - enpf.kz сайты арқылы электронды өтініш жазу; - WhatsApp, Telegram, Facebook, Viber, ВКонтакте мессенджерлері арқылы; - Онлайн чат (enpf.kz); - YouTube, Instagram, Facebook, X (Twitter), ВКонтакте, Одноклассники арқылы.

Ауыл шаруашылығы - Қазақстан Экономикасының негізгі салаларының бірі. Биыл елде саланың жай-күйі туралы маңызды деректер беретін Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталады.

Ауыл шаруашылығы санағы – бұл еліміздің аграрлық секторының құрылымы,ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Санақ жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалған.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының халықаралық ұсыныстарына сәйкес ауыл шаруашылығы санағы әр бес-он жыл сайын жүргізілуі керек. Бірақ Қазақстанда санақтың бұл түрі 2006-2007 жылдары ғана жүргізілді. Содан бері үлкен үзіліс болды. Ол кезде ауылшаруашылық санағы - өсімдік және мал шаруашылығы болып екі кезеңде жүргізілді, биыл барлығы бір мезетте өтеді.

Ауыл шаруашылығы санағына кімдер қатысады: сауалнамаға өсімдік, мал және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс. Сондай-ақ үй-үйді аралау кезінде қосалқы шаруашылық жүргізетін, бақшасы мен

ӨЗЕКТІ әрі СЕНІМДІ

жер учаскесі бар, мал ұстайтын үй шаруашылықтары сұралады. Санақ Жетісу облысы бойынша 85 мыңға жуық үй шаруашылығын және 21 мың ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамтуды жоспарлап отыр.

Санақтың негізгі кезеңі 2025 жылдың 1 тамыз бен 20 қазан аралығын қамтиды. Ұлттық ауылшаруашылық санағы онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді. Алдымен 1-31 тамыз аралығында sapaq.gov.kz сайтында онлайн режимде сауалнама жүргізіледі. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары - порталдағы санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы. Себебі деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, ЭЦҚ, QR-код немесе СМС арқылы авторизациядан өтуі қажет. Сауалнама парағына кіріп деректерді толтырады. Сауалнамадан өтіп біткеннен кейін респондент электрондық поштаға санақтан өткені туралы хабарлама алады. Санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы қылу үшін облысымызда жергілікті әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында 100-ден астам өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады.

Егерреспонденттіңсауалнамапарағын толтыру кезінде қандай да сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін sapaq-myrza виртуалды көмекшісіне жүгіне алады, 1446 нөмірі бойынша бюроның байланыс орталығына хабарласуға бола-

ды. Қоңыраулар сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

Екінші кезең - интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы, ол 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді. Осылайша, санақ респонденттің барлық сана-тын қамтиды және ақпарат жинаудың барынша толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Санақ қызметкерлері барлық респондентті қамтуға міндетті. Қатысудан бас тартылған жағдайда заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Сауалнамаларда қандай сұрақтар болады? Занды тұлғалар үшін сұрақтар жер және егіс алқаптары, мал басы, ауыл шаруашылығы техникасы және инфрақұрылымға байланысты болады. Сондай-ақ респонденттерден олардың қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұралады. Үй шаруашылықтарында біз жер аумағы туралы сұраймыз, олар маусымдық немесе көпжылдық дақылдар еге ме, мал немесе құс ұстай ма, оларды жайылымға шығара ма деген сияқты анағұрлым қысқартылған нұсқадағы сауалнама болады. Санақ барысында алынған деректердің анонимділігіне және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беріледі. Сандар респонденттің бастапқы деректерін көрсетпей-ақ, жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Деректер салық

немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Жетісу облысы бойынша 200-ден астам нұсқаушылар мен интервьюерлер Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін уақытша жұмысқа шақырылды. Санақ персоналы ретінде жұмыссыз азаматтар, студенттер, сондай-ақ конкурстық іріктеуден және арнайы оқытудан өткен барлық ниет білдірушілер тартылады. Барлық интервьюерлер дала жұмыстары үшін қажетті материалдар және техникалармен, соның ішінде деректерді жинауға арналған планшеттермен қамтамасыз етіледі. Олардың міндеті - үй-үйді аралап, жеке сауалнама жүргізу.

Барлық ұлттық ауылшаруашылық санақ кезеңі аяқталғаннан кейін 2025 жылғы желтоқсанда санақтың алдын-ала нәтижелері жарияланады. Соңғы жиынтық деректер мен аналитикалық есептер Ұлттық статистика бюросының сайтында көпшілікке 2026 жылы ұсынылады. 2025 жылғы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы - Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Бұл жай ғана статистикалық шара емес, фермерлерді қолдау және аймақтарды дамыту шешімдерінің негізі. Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік аграрлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі.

Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

М. БУКЕНОВ,

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының Жетісу облыстық департаментінің басшысы.



ТАЗАЛЫҚ - БАСТЫ ОРЫНДА

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы Президенттің тапсырмасымен сәуірде өз бастамасын алған.

«Таза Қазақстан» жалпы ұлттық акциясына «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ қызметкерлері де өз үлесін қосуда. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші парктің қызметкерлері тұрақты түрде таулы аймақтарда орналасқан туристік бағыттардың бойында тазалық жұмыстарын жүргізуде. Акцияның басынан, осы уақыт аралығында Аманбөктер, Басқан, Тополевка орманшылықтарында орналасқан туристік бағыттарының бойында таза сенбіліктер ұйымдастырылып өткізілуде. Сәуір айынан бері Сарқан филиалының аумағында жалпы 25 сенбілік ұйымдастырылып, 1 тонна 960 кг қоқыс шығарылды.

Сонымен қатар таулы аймақтарда тазалықты сақтау үшін мемлекеттік инспекторлар құрамы келуші туристер мен тұрғындар арасында тазалықты сақтауға бағытталған үгіт-насихат жұмыстарын да тұрақты түрде өткізуде. Таулы аймақтың тазалығы мемлекеттік инспектордың жұмысы дұрыс атқарылғанын көрсетеді және де өз міндеттерінің бірімен жақсы орындауын көрсетеді.

Бүгінгі таңда келуші туристер көбісі қоқыс қалдықтарын қалдырмай өзімен әкетуде, яғни «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткізіліп жатқан үгіт-насихат жұмыстары өз нәтижелерін көрсетуде. Яғни алдыңғы жылдармен салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ таулы аймақтарда қазіргі таңда келушілер тазалықты жақсы сақтайды. Біздер, табиғат сақшылары үшін орман тазалығы бірінші орында тұр. Себебі таулы аймағымыз, орманымыздың тазалығы - орман өртінен сақтанудың бірден-бір жолы. Таза орман - өртсіз орман.

Осы орайда жергілікті тұрғындар мен келуші қонақтарымызды таулы және орманды аймақтарда тазалықты бірге сақтауға шақырамыз.

А.НУРГОЖАНОВ,

Сарқан филиалы Аманбөктер орманшылығының орманшысы.



МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Жаркент жоғары педагогикалық, Қапал кәсіптік - техникалық, Жетісу құрылыс-техникалық колледждеріне бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығарды.

Департамент мемлекеттік кәсіпорындарға мониторинг жүргізу барысында аталған колледждердің жарғыларында ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысына сәйкес келмейтін және монополияға қарсы органмен келісілмеген қызмет түрлері болғандығы анықталды. Атап айтқанда, бұл қосымша білім беру бағдарламалары мен арнайы курстар бойынша оқыту туралы болды.

Бұл әрекеттер бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманың талаптарын бұзды. Қазіргі уақытта барлық нұсқамалар орындалды, жарғылық қызмет түрлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілді.

М.ТҰРСЫНБЕК,

ҚР Бәсекелестікті қорғау дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің тергеп-тексеру бөлімінің бас маманы.

•101 ескертеді

Астық өрісіндегі өрт

Астық алқаптарындағы өрт үлкен зиян келтіреді. Желді немесе ыстық күндері өрт қауіпсіздігі қағидаларын орындамау, кішігірім ақаулық пен сақтықтың болмауы қайғыға әкеп соқтырады. Астық өрісіндегі өрт-үлкен апат. Қысқа мерзімде өрт үлкен аумаққа таралып, көптеген адамдардың еңбек жемісін құртыуы мүмкін. Оған қарсы күреске ондаған адам мен көп техника қажет. Сондықтан, егіннің сақталуын қамтамасыз ететін шаралардың жалпы кешенінде өрттердің алдын алу маңызды рөл атқарады.

Егін жинауға арналған өрт қауіпсіздігі ережелері қарапайым және оларды орындау оңай. Алайда, жеке шаруа қожалықтарының басшылары оларды ауыр жүк деп санайды және оларды орындауға немқұрайлы қарайды. Барлық комбайндар егін жинау науқанына уақытылы дайындалғанымен, оларды өрт сөндіру техникасымен жабдықтауды ұмытып кетеді. Сондықтан алқаптарда жануға жол бермеу үшін, барлық механизаторларға, ауыл шаруашылық құрылымдарының мамандарына, азаматтарға өртке қарсы ережелерді үнемі есте сақтау қажет.

Қ.ҚУАТПЕКОВ,

Сарқан қаласындағы №12-ӨСБ бастығының уақытша міндетін атқарушысы, азаматтық қорғау капитаны.

Табиғаттағы өрт қауіпсіздігі

Құрғақ шөптің жануы - басқарылмайтын процесс. Құрғақ шөптердің жануын тоқтату оңай емес. Өрттің үй-жайларға және орман алқаптарына тез тарау қаупі туындайды. Сондықтан табиғаттағы өрт қауіпсіздігі шараларын сақтаңыз.

Табиғатқа, үй жанындағы учаскеге немесе саяжайға шыққан кезде, от жағатын жердің құрылыстан алыста (үй-жайлар мен құрылыстардан 50 м кем емес) және жанында тез тұтануы мүмкін ештеңе болмағанын алдын ала ойлаған жөн. Ағаштардың түбінде және құрғақ қылқан жапырақпен жабылған жерде мангалды тұтатпаңыз. Көмірді жағу үшін қолданған сұйықтық ыдысының қақпағын бірден жауып, алысырақ қойыңыз. Егер жануды байқасаңыз - дереу өртке қарсы қызметке "101" немесе "112" телефондарына қоңырау шалыңыз. Шақыру кезінде өрттің орны, оның себебі және адамдар үшін ықтимал қауіпі туралы нақты ақпаратты жеткізіңіз. Бұдан әрі нақтылау ақпарат алу үшін атыңызды, телефон нөміріңізді атаңыз. Мүмкіндігінше өрт сөндіру машиналары күтіп алуға біреуді жіберіңіз, себебі өрт сөндіру қызметкерлері жану орнына өтетін жол бар ма, қайда және қалай жылдам жетуге болатынын білмеуі мүмкін.

Ал содан кейін қолда бар құралдармен, қауіпсіздік шарасын сақтай отырып, жануды оқшаулауға кірісіңіз. Өртті ауыздықтау - көрші құрылыстар мен саяжай учаскелеріне оттың таралуына жол бермеу, оны жанып жатқан шөптерді су немесе құм арқылы сөндіріп, ағаш кесу материалдарын және от таралу жолындағы ағашты алып тастау арқылы жасауға болады. Егер адамның үстіндегі киімді өрт шалса, оған жүгіруге жол бермеңіз. Оны жерге құлатыңыз, жабындыға жабыңыз және үстіне мол су құйыңыз. Егер киімі жанып кетсе, күйген адамды шешіндірмеңіз, дененің зардап шеккен бөліктерін таза матамен жауып, жедел жәрдем шақырыңыз.

Саяжай қоғамдарында өртке қарсы су көздері болуы қажет, олардың орналасқан жері туралы келген өрт сөндірушілерге хабарлау қажет. Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері еске салады, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Тек жалпы күш-жігермен ғана біз өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз және ауыр зардаптардың туындауын болдырмаймыз.

М.САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Ескерткіш тақта орнатылды

Жуырда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі сатирик - жазушы Тұрлыхан Кәрім тұрған Талдықорған қаласындағы 4 шағын ауданының 6-үйінің қабырғасына Талдықорған қалалық Ардагерлер ұйымының мұрындық болуымен, жетісулық қаламгерлер қауымының атсалысуымен ескерткіш тақта орнатылды.

Соңына жиырмаға жуық сатиралық, прозалық туындылар қалдырған Тұрлыхан Биахметұлы тірі болғанда 70 жасқа толар еді. Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына талдықорғандық қаламгерлер Әміре Әрін, Нүсіпбай Әбдірахым, Айтақын Бұлғақов, Жангелді Немеребай қатысып, естеліктерімен бөлісті.



Өз тілшіміз.

Туристік-рекреациялық қызмет

Туризм қазіргі замандағы ең жылдам дамып келе жатқан экономикалық және әлеуметтік салалардың бірі. Оның ішінде рекреациялық туризм адамның денсаулығын қалпына келтіру, демалу және табиғат аясында сергектік алу мақсатында жүзеге асады. Бұл туризм түрі адам ағзасына жағымды әсер етіп, физикалық әрі психологиялық тұрғыдан күш-қуат береді. Рекреациялық туризмді шартты түрде екі түрге бөлуге болады: сауықтыру және білім беру. Әдетте рекреациялық туризм белсенді демалысты, спорттық ойындар мен жаттығуларды, серуендеуді, курорттарға баруды және теңізде демалуды, мәдени бағдарламаларға қатысуды және ойын-сауықтың әртүрлі түрлерін қамтиды. Әлемнің көптеген елдері үшін туризмнің бұл түрі ең кең таралған болып табылады. Рекреациялық туризмнің сауықтыру және сауықтыру туризмімен көптеген ұқсастықтары бар.

Рекреациялық туризмнің мәні мен мақсатына келетін болсақ рекреациялық туризм бұл адамдардың бос уақытын табиғатта, шипажайларда немесе сауықтыру орындарында өткізуі. Оның басты мақсаты-демалыс пен денсаулықты қалпына келтіру.

Туристтік -рекреациялық ресурстар- бұл табиғи, тарихи –мәдени және әлеуметтік нысандардың жиынтығы. Мысалы: Тау, орман, көл, теңіз жағалауы; Шипажайлар мен санаторийлер; Емдік балшықтар мен минералды сулар; Табиғи қорықтар мен ұлттық саябақтар.

Қазақстанда рекреациялық туризмнің мүмкіндіктері мол. Қазіргі кезде еліміздің мақсаты – туризмді елдің экономикалық дамуының басым бағытына айналдыру. Ел аумағында көптеген табиғи емдік ресурстар бар. Жетісу облысы бойынша рекреациялық нысандарға тоқталсам, ЭКО -туризм бойынша Алакөл қорығы, Бұрқан бұлақ сарқырамасы, Жетісу Алатауы, Жоңғар қақпасы жатады. Мәдени танымға Талдықорған қаласы, қасиетті жерлерге Жаркент қаласы, сауықтыру нысанына Алакөл мен Балқаш көлі жатады.

Қорыта келгенде рекреациялық туризм адамның өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды сала. Ол тек қана демалу емес, сонымен қатар елдің экономикалық дамуына, жұмыс орындарының көбеюіне, жергілікті инфрақұрылымның жақсаруына әсер етеді. Қазақстанда бұл бағытты дамыту болашақтағы туризм саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

М. БЕКБОЛАТОВ,

Сарқан филиалы Аманбектер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Қазіргі таңда оқушының алдында тұрған ең үлкен міндеттердің бірі – сапалы білім алу мен өз болашағын дұрыс бағытқа бұру. Бұл жолда көмектесетін заманауи құралдар аз емес. Солардың ішінде мен ерекше атап өтетін – бұл toriq.kz платформасы.

Бұл – жай платформа емес, бұл – жеке даму, сапалы білім және жарқын болашаққа апарар сенімді көпір. Бұл – ақылды ұрпаққа арналған, мақсатқа бағытталған, жаңашыл білім алаңы. Бұл платформамен мен алғаш рет информатика пәнінің мұғалімі Асель Даниярқызы арқылы таныстым. Мұғаліміміз бізге платформаның мүмкіндіктерін көрсетіп, тапсырмаларды орындауға бағыт берді. Содан бері бұл жүйе менің оқуымның бір бөлігіне айналды. Мен осы платформаны қолданып жүргеннен бері білімге деген қызығушылығым өсті. Бұрын жәй ғана “оқу керек” деп дайындалатын болсам, қазір мақсат қойып, соған қарай нақты әрекет етем. Toriq.kz – менің білім жолымдағы серігіме айналды. Бұл платформада бізге әртүрлі пәндер бойынша тапсырмалар, тесттер мен қызықты

тапсырмалар беріледі. Маған әсіресе математика және ағылшын пәндерінен берілген интерактивті тапсырмалар ұнайды. Себебі олар көз тартарлық дизайнмен, түсінікті түрде жасалған. Toriq.kz платформасындағы ҰБТ-ға дайындық бөлімі ерекше маңызды. Бұл жерде пәндер бойынша жинақталған тест сұрақтары, талдаулар және кеңестер бар. Қазіргі таңда toriq.kz платформасында жазғы демалыста да ҰБТ-ға дайындықты жасаудамын. ҰБТ-ға дайындалуға жүйелі мүмкіндік беретін бұл бөлім мен сияқты түлектерге үлкен көмек. Егер сен де, болашағыңа немқұрайлы қарамасаң, егер сен де, ҰБТ-да жоғары балл алғың келсе, егер өзіңе сенімді болып, нақты нәтижеге қол жеткізгің келсе – toriq.kz платформасына бүгіннен қалмай тіркел!

Жоғарыда бөліскенім, бұл менің шынайы тәжірибем. Егер toriq.kz болмағанда, мен бұндай жүйелі дайындық жүргізбейтін

ТОРИҚ.KZ - білімге апарар сенімді жол



де шығармын. Қазір өзіме деген сенімім артты, армандарым анық, мақсаттарым нақты. Toriq-мен бірге бол, топта бол!

Наргиза ТОҚТАСЫН,
Ақын Сара атындағы орта мектептің 11«А» сынып оқушысы.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Құрметті Мұхтар Әлібекұлы Кари-мов! Сізді 18-шілде күнгі туған күніңізбен, 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, отбасыңызға амандық пен мол бақыт тілейміз.

Көшбасшылық қасиетіңіз бен парасаттылығыңыз бізге әрдайым үлгі. Жетекшілігіңізбен әлі талай биіктерді бағындыратынымызға сенімдіміз. Ісіңіз алға басып, абыройыңыз асқақтай берсін!

Ізгі тілекпен: Сарқан көпсалалы колледжінің ұжымы.



Құрметті Тазабекова Толқын Меңғалиевна! Сізді 20-шілде күнгі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, мол табыс, отбасылық амандық тілейміз.

Әр күніңіз қуаныш пен сәттілікке толы болып, қызмет пен күнделікті өмірде алдыңыздан тек жақсылықтар жолықсын!

Мол татып жүрсің тәңірің шашқан ырысты, Қызыққа толы өмірің мәуе жемісті.

Мағыналы, мәнді ғұмыр өткеріп жүзге жет, Өмірің болсын өрісті!

Ізгі тілекпен: Сарқан көпсалалы колледжінің ұжымы.

Құрметті Нұрлан Қылышханұлы Оразбаев, туған күніңіз құтты болсын! Өміріңіз әрдайым шаттық пен бақытқа толы болсын. Деніңіз сау, отбасыңыз аман, ісіңіз алға баса берсін. Армандарыңыз орындалып, әр күніңіз қуаныш пен шабытқа толы болсын!

Ала жібін пенденің аттамаған,
Адалдықтан бойтұмар таққан адам.
Шәкірттерге өнеге-үлгі болып,
Жұрт сенімін кезің жоқ ақтамаған!

Ізгі тілекпен: Сарқан көпсалалы колледжінің ұжымы.



Объявление

•ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсіздік 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдықорған. Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.

Ғалам ғажайыптары

Будапештегі Дунай өзенінің жағасында жүздеген аяқ киім жатыр. Бір көрген адам мұны жағажайдың сәні үшін қойылған ескерткіш деп ойлауы мүмкін. Бірақ олардың символдық мәні мүлде басқа.

Мүсіннің авторы – Жюль Пауэр. Оның бұл еңбегі соғыс уақытында оққа ұшқан Холокост құрбандарын еске түсіреді. 1944-1945 жылдары Венгрия нацистік партиясының мүшелері Дунай жағасында бірнеше мың адамды ату жазасына кескен. Атылар алдында тұтқындардың аяқ-киімін шешу талап етіліпті. Сондай-ақ оқты үнемдеу үшін 50-60 адамды бір-біріне байлап атқан. 2005 жылы құрбан болғандарды еске алу үшін өзен жағасында 60 жұп темір аяқкиім орнатылды. Құрбандарды еске алу үшін жыл сайын мұнда мыңдаған туристер келіп, суретке түсіп жатады.